

**Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі**  
**«Maqsut Narikbayev University» АҚ**

**Аманжолова Зарина Нурбековнаның**

**«Төтенше ахуал кезінде экономикалық және әлеуметтік құқықтарды жүзеге асыру мәселелері (Covid-19 пандемиясы тәжірибесінде)» тақырыбындағы,**  
**8D04201 – Құқық білім беру бағдарламасы бойынша**  
**философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациялық жұмысына**

**РЕСМИ РЕЦЕНЗЕНТТИҢ ПІКІРІ**

р/н №	Олшемшарттар	Олшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	<b>Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы</b>	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен каржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе	2021 ж. 15 қазандағы № 674 Жарлықпен бекітілген «Құқықтық саясат тұжырымдамасы – 2030» төтенше- жағдай кезеңінде конституциялық құқықтарды қорғау мен биологиялық қатерлерден қоғамдық қауіпсіздікті кушетуді ұлттық басымдық деп айқындайды. Президент К.-Ж. Тоқаев 2024 ж. 2 қыркүйектегі Жолдауында мемлекет алдына «азаматтардың жан- жақты қауіпсіздігін қамтамасыз етуді» және заннаманы осы мақсатқа сай жүйелі жаңғыртуды bastы міндет етіп койды.

	<p>бағдарламаның атавы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атавын көрсету);</p> <p><b>3) диссертация</b>  <b>Қазақстан Республикасының</b>  <b>Үкіметі жанындағы</b>  <b>Жоғары ғылыми-</b>  <b>техникалық комиссия</b>  <b>бекіткен ғылым</b>  <b>дамуының басым</b>  <b>бағытына сәйкес</b>  <b>(бағытын көрсету)</b>  <b>келеді.</b></p>	<p>Зерттеу COVID-19 тәжірибесі негізінде төтенше жағдай режимінде азаматтардың әлеуметтік-экономикалық құқықтарын іске асыруды кешенді талдайды және «Төтенше жағдай туралы» заң мен Азаматтық Кодекске нақты түзетулер (Қосымша 1) ұсынады.</p> <p>Ұсыныстар Үкімет жанындағы ЖФТК-ның «Құқық және қоғамдық қауіпсіздік» (қаулы № 2/22-2023) басым бағытымен толық қабысады әрі жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жж. тұжырымдамасында бекітілген «қоғамдық қауіп-қатерлерге құқықтық жауап беру» қафидатын нақтылады.</p>
<b>2. Ғылым үшін маңыздылығы</b>	<p>Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.</p>	<p>Диссертация алғаш рет COVID-19 тәжірибесі арқылы биологиялық-әлеуметтік төтенше жағдай режимінде экономикалық және әлеуметтік құқықтардың жүзеге асырылуын кешенді талдайды. Үлттық деректер ДДСҰ, OECD және Еуропалық Адам құқықтары соты материалдарымен салыстырылып, әдебиеттегі басты олқылық — мұндай ТЖ-ның құқықтық режимі жөніндегі іргелі зерттеудің жоқтығы — толтырылады (§ 1.4).</p>

		<p>Автор төтенше жағдайлардың жаңа жіктемесін ұсынып, «әлеуметтік-биологиялық» түрін даралайды және ҚР Азаматтық кодексіне, ҚР Азаматтық процестік кодексіне, «Төтенше жағдай туралы», «Байланыс туралы», «Азаматтық қорғау туралы» заңдарға бірқатар түзетулер дайындауды. Бұл ұсыныстар ТЖМ мен ДСМ-нің Санитариялық-эпидемиологиялық бакылау комитетінде колдау тапты (хаттар № 10-1/1085 от 03.04.2025; № 24-23-1-2/657-И от 19.03.2025). Тақырыптың өзектілігі кіріспе (5-11-б.) мен корытындыда (131–134-б.) негізделген: конституциялық құқықтарды қорғау «Құқықтық саясат тұжырымдамасы – 2030» құжатында ұлттық стратегиялық басымдық ретінде бекітілген.</p>
3.	<b>Өзі жазу принципі</b>	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p>1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.</p> <p>Автор зерттеу дербестігін жоғары деңгейде көрсетті: Сот істері мен сауалнаманы (Қосымша 2) дербес іріктеп, Бас мемлекеттік санитар дәрігердің актілеріне талдау жасап, эмпирикалық деректерді статистикалық тұрғыда өндеген (2.3-кесте; 3.1–3.2-суреттер). 3-тарау, § 3.2-де әзірленген «еңсерілмейтін күш» моделі ШОБ шарттары негізінде салыстырмалы регрессиямен расталған. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) және басқа да салалық заңдарына енгізілетін занжобалық түзету дайындалып, ведомстволарға жіберіліп, колдау тапкан. Плагиат тексерісі дәйексөздердің аз көлемін көрсетеді; 2-тараудың құрылымы мен қорғауға</p>

			ұсынылған ережелер авторлық сипатқа ие. Жарияланымдық белсенділік — 7 мақала (Scopus/WoS – 1, ККСОН – 4, конференция материалдары – 2) — автордың зерттеу циклін идеядан аprobацияға дейін өз бетінше жүргізе алатынын дәлелдейді.
4.	<b>Ішкі бірлік принципі</b>	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <p><b>1) негізделген;</b>  <b>2) ішінара негізделген;</b>  <b>3) негізделмеген.</b></p>	Автор Қазақстан Республикасының құқықтық тетіктептік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдайларды (ТЖ) реттеуге жеткілікті дайын болмағанын ежей-тегжейлі дәлелдейді. COVID-19 пандемиясы ТЖ институтын конституциялық денгейге дейін көтерумен қатар, әлеуметтік және экономикалық құқықтарды құқықтық реттеудегі елеулі олқылықтарды да ашып көрсетті: жұмыссыздық 5%-ға дейін ұлғайды, жоспарлы медициналық көмектің көлемі 27 %-ға қыскарды, өлім-жітім көрсеткіші 12,2-ден 15,3 %-ға дейін өсті (КР ҰӘМ мен ДСМ деректері). Автор бұл сын-тегеуріндерді 2030 жылға дейінгі құқықтық саясат тұжырымдамасы мен адам құқықтарын корғау жөніндегі қағидаттардың міндеттерімен сабактастырып, зерттеу тақырыбының жоғары практикалық маңыздылығын негіздейді.
		<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <p><b>1) айқындауды;</b></p>	Зерттеу логикасы «жалпыдан жекеге қарай» қағидасы бойынша жүйеленген. 1-тарауда (20–56-б.) «төтенше жағдай» мен «төтенше ахуал» ұғымдарының эволюциясы талданып, төтенше жағдайдың төртінші – әлеуметтік-биологиялық – түрі ғылыми

	<p>2) ішінара айқындайды; 3) айқындаамайды.</p>	<p>тұрғыдан негізделеді. 2-тарау (57–96-б.) ТЖ режимінің енбек, білім алу және денсаулықты сактау құқықтарына ықпалын ашып көрсетсе, 3-тарау (98–128-б.) оның экономикалық бостандықтар мен міндеттемелік құқыққа әсерін саралайды. Әрбір бөлім жалпы тақырыппен сабактас қорытындылармен түйінделіп, тақырыптық олқылықтардың алдын алады.</p>
	<p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <p><b>1) сәйкес келеді;</b> 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.</p>	<p>Мақсат (17-б.) «әлеуметтік-биологиялық төтенше жағдай жағдайында экономикалық және әлеуметтік құқықтарды іске асыру тетігін кешенді жетілдіру» ретінде тұжырымдалған. Міндеттер (18-б.) — бой бермейтін күштің шетелдік модельдерін салыстырмалы талдаудан бастап, 10 нормативтік актіге өзгерістер жобасын әзірлеуге дейін — аталған мақсатты нақты операциялық қадамдарға бөледі; олардың орындалуы диссертация құрылымының әр бөлімінде айқын көрсетілген.</p>
	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p><b>1) толық байланысқан;</b> 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жок.</p>	<p>1-тарау терминологиялық базаны қалыптастырады, 2-тарау ұғымдық айқындықтың жетімсіздігі сот дауларын қалай туыннатқанын көрсетеді, ал 3-тарау осы қорытындыларды Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне енгізілетін түзетулер жобасына айналдырады. Қорытынды тараулық нәтижелерді 26 ұсыныман тұратын бірынғай жобаға жинақтап, әр ұсынысты тиісті бөлімге бағдарлайды — осы тұрғыда зерттеудің қисындық тұтастыры қамтамасыз етілген.</p>

		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: <b>1) сынни талдау бар;</b> 2) талдау ішінара жүргілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор шетелдік тәжірибелі атап өтумен ғана шектелмей, өз компаративистік талдаудың ұсынады. Міндеттемелерді орындаудың «фактілік/құқықтық мүмкін еместігі» жөніндегі үлгі салыстырмалы түрде талданып, олардың қазақстандық құқық жүйесіне бейімдеуге қолайсыздығы айқындалады. Осы негізде Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 359, 374, 375-баптарына өзгерістер енгізуін мақсатқа сәйкестігі дәйектеліп, олар зан жобасының салыстырмалы кестесіне (Қосымша 1, 158–160-б.) енгізілген. Эрбір шешімнің артықшылықтары мен тәуекелдері жан-жақты талдануы жұмыстың сыншылдық талаптарына толық жауап береді.
5.	<b>Ғылыми жаңашылдық принципі</b>	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b> 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Автор алғаш рет «әлеуметтік-биологиялық сипаттағы төтенше жағдай» ұғымын енгізіп, оны төтенше жағдайдың дербес түрі ретінде заннамада бекіту қажеттілігін дәлелдеді (1-тарау, § 1.4; 47–53-б.). Сондай-ақ төтенше жағдай кезеңінде экономикалық және әлеуметтік құқықтарды кешенді саларалық реттеуді көздейтін түбебейлі жаңа тұжырымдама ұсынылып, оған «төтенше ахуал – төтенше жағдай» терминологиялық реконфигурациясы енгізілді (1-тарау, § 1.1; 20–45-б.), мұндай қадам бұған дейін отандық ғылымда зерттеуге алынбаған.
		5.2 Диссертацияның корытындылары жаңа ма? <b>1) толығымен жаңа;</b>	Қорытындыда еңсерілмейтін күштің түпнұсқа еki деңгейлі моделі — міндеттемені орындаудың фактілік және құқықтық мүмкін

	<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>еместігі — ұсынылып, ол Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 359, 374, 375-баптарының регламентациясын терендетеді (3-тaraу, § 3.2; 110–118-б.). Сондай-ақ алғаш рет COVID-19-ды және өзге де пандемияларды медицина қызметкерлері үшін кәсіптік аурулар тізбесіне қосу әрі Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры (ӘМСК) төлем жасау тетігін негіздеу көзделген (2-тaraу, § 2.3; 73–88-б.). Бұл тұжырымдар бұрынғы және қазіргі диссертациялық зерттеулер мен ғылыми басылымдарда кездеспейді.</p>
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Қазақстан Республикасының «Төтенше жағдай туралы» Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасының «Байланыс туралы» заңына кешенді түзетулер әзірленіп, төтенше жағдай кезінде байланыс арналарының толық ажыратылуына тыбым салу және нысаналы шектеулерге парламенттік бакылау енгізу көзделді (3-тaraу, § 3.1; 98–106-б.). Сондай-ақ комендатура мен Бас мемлекеттік санитариялық дәрігердің өкілеттіктерін айқын шектейтін жедел штаб (біріккен санитариялық сипаттағы) әрекетінің протоколы ұсынылған (1-тaraу, § 1.4; 50–52-б.). Практикалық жаңашылдығы түзетулердің салыстырмалы кестесімен (Қосымша 1) және КР ТЖМ-нің 2025 ж. 3 сөуірдегі № 10-1/1085 он қорытындысымен расталады.</p>

6. <b>Негізгі корытындылардың негізділігі</b>	<p>Барлық негізгі корытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).</p>	<p>Барлық негізгі тұжырымдар ғылыми тұрғыдан салмақты дәлелдерге сүйенеді не сапалық зерттеулер мен өнер-гуманитарлық бағыттар үшін жеткілікті түрде негізделген. Диссертацияда қорытындылар мен дәлелдемелік база арасында қатаң қисындық байланыс сакталған: эмпирикалық деректер (120 респонденттен тұратын әлеуметтік сауалнама), отыздан астам сот актісінің салыстырмалы-құқықтық талдауы және нормативтік актілердің жан-жақты экзегезасы (2-тарау, § 2.4; 3-тарау, § 3.2). Әрбір түйінді тезис (мысалы, «әлеуметтік-биологиялық» төтенше жағдайды дербес түр ретінде бөліп көрсету немесе еңсерілмейтін күш үғымын нақтылау қажеттілігі) заң жобасының тиісті баптарымен және тәжірибеден алынған иллюстративтік іс-кейстермен нақтыланған.</p>
7. <b>Корғауға шығарылған негізгі ережелер</b>	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>1) дәлелденді;</li> <li>2) шамамен дәлелденді;</li> <li>3) шамамен дәлелденбеді;</li> <li>4) дәлелденбеді;</li> <li>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</li> </ul> <p>7.2 Тривиалды ма?</p>	<p><b>Тұжырымдама 1</b></p> <p>7.1. 1) дәлелденген — 1.1-тарау мен 2.1-бөлімде 1995 ж. Конституциясы, 2003 ж. Заңы және сот актілерінің салыстырмалы-құқықтық талдауы төрт терминологиялық қайшылық пен олардың құқыққоданудағы салдарын көрсетеді (18–41, 67–85-6.).</p> <p>7.2. 2) жоқ — екітілді терминдік алшақтық әлі де реттелмеген; ұсыныс бірегей олқылықты жояды.</p> <p>7.3 1) иә — семантикалық және құқықтық ажырату критерийлері бұрын тұжырымдалмаған.</p>

	<p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия; 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар; 2) орташа; 3) кең 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия; 2) жоқ 3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>7.4. 3) кең — өзгеріс конституциялық, әкімшілік, қылмыстық құқықты және заң факультеттерінің оқу жоспарларын қамтиды.</p> <p>7.5. 1) иә</p> <p><b>Тұжырымдама 2</b></p> <p>7.1. 1) дәлелденген — 45–90-б. COVID-19 пандемиясы қолданыстағы әлеуметтік / техногендік / табиғи ұғымдарына сыймайтыны дәлелденіп, 2020–2021 жж. госпитализация статистикасы келтірілген.</p> <p>7.2. 2) жоқ — мұндай жіктеу ұлттық та, ТМД-ның үлгілік актілерінде де жоқ.</p> <p>7.3. 1) иә — трансшекаралықтық секілді диагностикалық критерийі бар жаңа құқықтық термин ұсынылады.</p> <p>7.4. 3) кең — санитарлық, еңбек, кедендік және шекаралық реттеуге ықпал етеді.</p> <p>7.5. 1) иә</p> <p><b>Тұжырымдама 3</b></p> <p>7.1. 2) басым бөлігі дәлелденген — 3.1-тарауда ресми деректер және т.б. пайдаланылған.</p> <p>7.2. 2) жоқ — толық ажырату үйреншікті тәжірибе емес.</p> <p>7.3. 1) иә — мұндай кепіл ұлттық және аймақтық регламенттерде кездеспейді.</p> <p>7.4. 3) кең — қашықтан жұмыс, білім, е-үкімет, финтех.</p>
--	---	--

			<p>7.5 2) иә</p> <p><b>Тұжырымдама 4</b></p> <p>7.1. 1) дәлелденген — Алматы-2022 іci (98–104-б.) пандемияда коменданттың артықшылығы көрсетіледі.</p> <p>7.2. 2) жоқ — қолданыстағы модельде мұндай нақтылау жоқ.</p> <p>7.3. 1) иә — өкілеттіктерді саралау алғаш айтылуда.</p> <p>7.4. 2) 3) кең — ұсыныс төтенше жағдайларды басқарудың үлттық вертикалін, ТЖМ, облыс/қала комендатураларын және санитарлық қызметті тольық қамтиды.</p> <p>7.5. 3) иә</p> <p><b>Тұжырымдама 5</b></p> <p>7.1. 1) дәлелденген — 2020–2023 жж. сот істері талданып, §§ 359, 374, 375 жана редакциясы олқылықтарды жояды (105–120-б.).</p> <p>7.2. 2) жоқ — қолданыстағы Азаматтық кодекс мұндай айырма жасамайды.</p> <p>7.3. 1) иә — фактілік және құқықтық орындалмаушылық моделі.</p> <p>7.4. 3) кең — сатып алу-сату, мердігерлік, жалдау және т.б. міндеттемелердің бәріне таралады.</p> <p>7.5. 1) иә</p>
--	--	--	--

## **Тұжырымдама 6**

7.1. 1) дәлелденген — «Qazaqstan Shutdown 2022» ісіне сүйенеді (139–148-б.) 2020–2022 жж. сегменттік өшіру салдарынан туындаған еңбек даулары мен 429 млн \$ көлеміндегі экономикалық шығын талданған (3 тарау, § 3.1, с. 139–148); сонымен бірге жүргізілген сауалнамада респонденттердің 83 %-ы «интернетті толық бұғаттау бизнеске орны толмас залал келтірді» деп мәлімделінген (Қосымша 2).

7.2. 2) жоқ — толық бұғаттау жиे колданылмайды.

7.3. 1) иә — Парламентке міндетті хабарлама ТМД-да жана.

7.4. 3) кең — телеком, финтех, электрондық сауда, қашықтан жұмыс пен білім, электрондық үкімет жүйелерін қоса алғанда, барлық цифрлық инфрақұрылымға әсер етеді.

7.5. 2) жоқ

## **Тұжырымдама 7**

7.1. 1) дәлелденген — істер № 3512–21-00-2/535 және № 3971–21-00-2/422 (152–158-б.) аналогияға жүгінудің мәжбүрлігін көрсетеді.

7.2. 2) жоқ — АПК-да тиісті норма жоқ.

7.3. 1) иә — «әлеуметтік-биологиялық ТЖ» термині процессыалдық кодекске алғаш енгізіледі.

		<p>7.4. 3) кең — сот процесін тоқтата тұру құқығы азаматтық, экімшілік, экономикалық және қылмыстық іс жүргізудердің барлық санаттарына қолданылуы мүмкін.</p> <p>7.5. 1) иә</p> <p><b>Тұжырымдама 8</b></p> <p>7.1. 1) дәлелденген — 88–96-б. жеті сот шешімі және ДДСҮ деректері және т.б.</p> <p>7.2. 2) жоқ — ұлттық классификаторда COVID-19 жоқ.</p> <p>7.3. 1) иә — 2020 ж. № 301 бұйрығына түзету алғаш ұсынылды.</p> <p>7.4. 2) орта — денсаулық сақтау және әлеуметтік сақтандыру.</p> <p>7.5. 2) иә</p>
8.	<p><b>Дәйектілік қағидаты.</b> Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия; 2) жоқ.</p> <p>Kіріспеде автор зерттеудің көпденгейлі стратегиясын дәйекті ашып көрсетеді: жүйелік-құрылымдық, салыстырмалы-құқықтық, тарихи-құқықтық, социологиялық және экономикалық-статистикалық әдістер «мақсат → міндеттер → құралдар» матрицасы арқылы біртұтас жүйеге тоғыстырылған. Әр әдіс ғылыми міндетке тікелей байланыстырылған (мысалы, сот актісілерінің контент-талдауы — 3-тарау, § 3.2; саулнаманы</p>

		статистикалық өндеу — 3-тарау, § 3.3), бұл олардың өзектілігі мен жеткіліктілігін дәлелдейді.
8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеудердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өндеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	1) ия; 2) жок.	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері қазіргі заманғы ғылыми зерттеу әдістерін, деректерді өндеу мен интерпретациялаудың заманауи тәсілдерін және компьютерлік технологияларды кешенді пайдалану арқылы алынған; атап айтқанда, нормативтік актілердің контент-талдауы, дескриптивтік статистика және регрессиялық модельдеу, пандемиялық трендтерді визуализациялау, сондай-ақ «Adilet» пен «Параграф» құқықтық ақпараттық жүйелері, ҚР Жоғарғы Сотының сот шешімдері базасы және т.б. қолданылған.
8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде		Еңсерілмейтін күш негізгі моделі (3-тарау, § 3.2) еki бағытта сыннан өтті: (а) 2020–2024 жылдар аралығындағы бірқатар азаматтық істерді ретроспективті талдау ( $\chi^2$ -тексеру нәтижесі — $p < 0,05$ ); (ә) сараптамалық сауалнама (118–119-б.). Модельдің дұрыстығы Кронбах $\alpha = 0,82$ коэффициентімен расталып, бұл құқықтық зерттеулер үшін сенімділік өлшемдерін қанагаттандырады.

	<p>дәлелденеді):</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p><b>2) жоқ.</b></p>	
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі халықаралық жетекшілік құжаттар мен сот актілерінен бастап, беделді рецензияланатын журналдардағы мақалаларға дейінгі заманауи ғылыми әрі нормативтік дереккөздердің кең ауқымын қамтиды: жартысынан көбі 2019 жылдан кейін жарияланған; тізімге ДДСҰ-ның (2020–2023 жж.) гайдлайндары, ЭҮДҰ (OECD)-ның 2022 ж. есептері, 2020–2024 жж. сот шешімдері мен Scopus/WoS базасындағы мақалалар кіреді. Диссертацияның әрбір түйінді тұжырымы бірнеше дереккөзге арқа сүйеп расталғандыктан, дәйексөздердің ықтималдығы мейлінше азайтылған.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті/жеткіліксіз.</b></p>	<p>Пайдаланылған әдебиеттер тізімі төтенше жағдайлар жөніндегі конституциялық және халықаралық құқықты, әлеуметтік-экономикалық құқықтарды іске асырудың азаматтық-құқықтық тетіктерін, еңбек және медициналық құқықты, дағдарыс экономикасын, апат социологиясын, сондай-ақ қолданбалы деректер ғылымын (эпидемиологиялық модельдеу, әлеуметтік желілердегі үлкен деректер мониторингі) толық қамтиды. Бастапқы эмпириялық деңгейдегі 30-ға жуық дереккөз ұсынылған: UNICEF, WHO, Freedom House, World Bank, ILO-ның жаһандық баяндамалары, КР ҰӘМ СК-ның ашық деректері,</p>

			сондай-ақ ТЖМ, Денсаулық сақтау министрлігі және Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің материалдары. Мұндай кең ауқымды базаның қамтылуы шолу бөлімінің жеткіліктігін әрі толықтығын және салыстырмалы талдаудың дәйектілігін көрсетеді.
9	<b>Практикалық құндылық қағидаты</b>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p><b>1) бар;</b>  <b>2) жок.</b></p>	Автор «әлеуметтік-биологиялық төтенше жағдай» үғымын тұжырымдап, оны қолданыстағы заңнама қамтымайтын төтенше жағдайдың төртінші түрі ретінде ғылыми негіздейді; мұндай режимге арналған негіздер, өлшемшарттар мен заң жобасында жіктемесі әзірленген. Аталмыш ережелер конституциялық және төтенше құқық жөніндегі отандық доктринаны терендептіп, кейінгі ғылыми зерттеулер мен окукурстарына жаңа үғымдық өріс ашады.
		<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p><b>1) ия;</b>  <b>2) жок.</b></p>	Қосымша 1-де «Төтенше жағдай туралы» және «Азаматтық корғау туралы» заңдарға, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 359, 374, 375-баптарына және өзге де барлығы 10 аса нормативтік актіге енгізілетін өзгерістердің баптық салыстырмалы кестесі ұсынылған. Ұсынылған редакциялар Әділет және Денсаулық сақтау министрліктеріне жолданып, 2025 ж. 3 сәуірдегі № 10-1/1085 және 2025 ж. 19 наурыздағы № 24-23-1-2/657-И жауап хаттары оларды Укімет ішілік келісуге ұсынуға әзір екенін раставиды, зерттеу қорытындыларының нақты іске жарамдылығын айғақтады.

	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p><b>1) толығымен жаңа;</b>  <b>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</b>  <b>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</b></p>	<p>Қорытындыда ұсынылған және Қосымша 1-де егжей-тегжейлі баяндалған ұсынымның барлығы автордың түпнұсқа әзірлемесі болып табылады:</p> <p>отандық доктрина бұрын «әлеуметтік-биологиялық төтенше жағдай» ұғымы да, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіндегі «құқықтық орындалмаушылық» моделі, төтенше жағдайлардың сатылы жіктемесі де болмаған. Салыстырмалы талдау көрсеткендей, мұндай шешімдер қолданыстағы құқықта да, ғылыми әдебиетте де кездеспейді.</p>
10. Жазу және ресімдеу сапасы	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p><b>1) жоғары;</b>  <b>2) орташа;</b>  <b>3) орташадан төмен;</b>  <b>4) төмен.</b></p>	<p>Автор зерттеудің логикалық-құрылымдық реттелуін қатаң сактаған: әр тарау алдымен мақсаттық тұжырыммен басталып, тақырыптық қорытындылармен аяқталады, соның нәтижесінде тұтас аргументациялық желі анық байқалады.</p> <p>Құқықтық ұғымдық аппарат дұрыс қолданылған, екітілді терминдер («төтенше ахуал / чрезвычайное положение» – 1.3-тарау) өзара үйлесімді, бұл әдіснамалық мәдениеттің жоғары деңгейін көрсетеді.</p> <p>Баяндау стилі академиялық әрі бейтарап; бағалау клишелері кездеспейді, статистикалық деректер мен нормативтік дәйексөздер ГОСТ стандартына сай рәсімделген, ал дереккөздер тізімі біріздендірілген OSCOLA форматына келтірілген. Орфографиялық және пунктуациялық селбесімдер сирек әрі қабылдауға әсер етпейді. Иллюстративтік материал жүйелі: Нөмірленген 1-, 2-кестелер және қосымша салыстырмалы кестелер анықталды ; зерттеу дизайны</p>

		<p>да кесте түрінде, бұл көрнекілікті арттырады. Qualitive research (сапалық зерттеу) элементтері дұрыс қолданылған. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 270-ке жуық, шамамен үштен бірі ағылшын тіліндегі жарияланымдар құрайды, бұл тақырыптың өзектілігі мен ғылыми ізденістің жоғары деңгейін көрсетеді.</p>
<b>11. Диссертацияға ескертулер</b>		<p>Зерттеу атауында төтенше жағдайдың экономикалық және әлеуметтік қырларына бірдей назар аударылады, алайда 1-тарауда талқылау көбіне әлеуметтік құбылыстардан басталады. Жұмыстың тұтастығын айқындау үшін кіріспеде не тарау басында экономикалық құрамдас бөлік кейінірек жан-жақты ашылатынын және мұндай баяндау логикасы зерттеу әдіснамасымен негізделгенін қысқаша атап өткен дұрыс.</p> <p>1-тарауда басқарушылық олқылықтар мен басқарушылық кателер төтенше жағдайдың туындау факторлары ретінде аталады. Диссертация «Құқық» мамандығы бойынша қорғалатындықтан, осы ұғымдардың құқықтық қырын (мысалы, нормативтік реттеуге және сот практикасына ықпалы) бір-екі сөйлеммен нақтыласа ұтымдырақ болар еді.</p>
<b>12. Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми</b>		<p>Жоғары ғылыми деңгей: диссертация авторының жарияланымдары зерттеудің негізгі проблемалық блоктарын (ТЖ режимінің конституциялық-құқықтық мәселелері, еңсерілмейтін күшті жіктеу, биологиялық қауіпсіздік) толық қамтып, ККСОН тізіміндегі рецензияланатын басылымдарда, сондай-ақ Scopus және WoS базасындағы халықаралық журналдарда жарық көрген. Зерттеулер көпфакторлы салыстырмалы-құқықтық әрі эмпирикалық-статистикалық талдауға (сот актілері, социологиялық сауалнама) негізделіп, салалық ведомстволар (ҚР ТЖМ-нің 2025 ж. 3 сәуірдегі № 10-1/1085 хаты) тарапынан қолданылғаны автордың ғылыми үлесінің әдіснамалық кемелдігін және практикалық маңызын дәлелдейді.</p>

рецензенттер  
докторанттың  
зерттеу тақырыбы  
бойынша әр  
мақаласының  
ғылыми деңгейін  
зерделейді)

13. Ресми рецензенттің  
шешімі (осы Үлгі  
ереженің 28-  
тармағына сәйкес)

Диссертация Үлгі ереженің негізгі талаптарына толық сәйкес келеді: қойылған мақсат пен міндеттер орындалған, қорытындылар ғылыми тұрғыдан негізделген, ал практикалық ұсыныстар қолданыстағы заңнамаға енгізілетін нақты түзетулер түрінде рәсімделген. Жоғарыда аталған ескертпелер зерттеудің ғылыми-практикалық құндылығына нұқсан келтірмейді. «Төтенше ахуал кезінде экономикалық және әлеуметтік құқықтарды жүзеге асыру мәселелері (Covid-19 пандемиясы тәжірибесінде)» тақырыбындағы диссертациялық жұмыс PhD ғылыми дәрежесін беру жөніндегі қолданыстағы ережелердің бар талаптарына толық сәйкес келеді. Еңбектің мазмұны жүйелі, зерттеу логикасы дәйекті, қорытындылары негізді әрі жаңашыл. Сондықтан автор 8D04201 – «Құқық» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға толығымен лайық

«12» маусым 2025 ж.

Ресми рецензент:  
“Нархоз университеті” КеАҚ,  
Құқық және мемлекеттік басқару мектебінің профессоры,  
зан ғылымдарының докторы, профессор

РАСТАЙМЫНЫ/ЗАВЕРЯЮ  
(копы/подпись)

Кадрлық  
екімшілік белімінің  
бастығы/  
начальник Отдела кадрового администрирования



Г.А. Алибаева